

«№2 Бадамша орта мектебі » КММ

Бракеражды және тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі
комиссиясының отырысының №5 хаттамасы

Бадамша аулы

26.03.2025жыл

Өткізілген орны: акт залы

Қатысушылар:

Мектеп директоры А.Е. Дюсекова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Н. Мусабекова

Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарлары

Әлеуметтік педагог З.Е. Уксукбаева

Ата-аналар комитетінің төрайымы А.К. Карина

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ж.К. Сексенбаева

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Л.Б. Базарбаева

Ата-аналаркомитетініңмүшесі С.Т. Изтлеуова

Мектепмедбикесі Б.Н. Утешова

АспазшыЛ.Кудабаева

Күн тәртібінде:

1. Тамақтану сапасын мониторинг жүргізу комиссиясының жұмысын талқылау
2. Ата-аналар мен оқушылардың шағымдары

сұрақтар бойынша З.Е.Уксукбаева мектеп асханасының жұмысын мониторинг жүргізу комиссиясының 3 тоқсандағы жұмыс қорытындылары туралы есеп берді.

Есепті кезеңде комиссия 1-4 сынып оқушыларына тамақтандыру ұйымдастыру, дайындалған тағамдардың сапасы, тағамды әзірлеу барысында санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы, асхана бөлімінің санитарлық-гигиеналық жағдайы, мәзір мен инвентаризацияның сәйкестігі бойынша 3 тексеріс өткізді. Мектеп асханасын тексеру туралы 3 акт жасалды. Тексерістер барысында дайындалған тағамдарға

органолептикалық сараптама жүргізілді. Асхана қызметкерлерінің тарапынан бұзушылықтар анықталмады, ескертпелер жоқ. Барлық дайындалған тағамдар бекітілген мәзірге сәйкес, дайын өнімнің мөлшері нормаларға сәйкес келеді, асхана санитарлық-гигиеналық талаптарға сай, барлық инвентарь таңбаланған, ыдыстарда жарылып кеткен жерлер жоқ. Асхана қызметкерлері жеке гигиенаны сақтайды, жұмыс киімдері таза және дұрыс қолданылуда. Асхана мен жұмыс орындары таза, санитарлық нормалар толық сақталады. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар. Оқушылар мен ата-аналар тарапынан шағым жоқ.

Шешімдер:

1. Арыз-шағым дәптеріне арыз-шағым келіп түскен жағдайда уақытылы кері байланыс берілсін.
2. Тегін ыстық тамақтың сапасы әрі қарай бақылауға алынсын.
- 3 Оқушылардың дұрыс тамақтану мәдениетін арттыру үшін қосымша жұмыстар жүргізу.

Төрайымы  А.Е.Дюсекова
Хатшы  Г.Т.Көптілеуова

